

Shet shugýlasý



Shet aýdandyq qoǵamdyq-sarasi gazeti

Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady

beisenbi, 27 tamyz 2026 jyl №34 (11 230)

Аудан әкімдігінде

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНЫП, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ

Сейсенбі, 25 тамыз күні аудан әкімі М.Мұхтаровтың төрағалығымен кезекті кеңейтілген аппарат отырысы болып өтті.

Күн тәртібінде «Ауданның 2026 жылғы қаңтар-шілде айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары», ағымдағы жағдай: «Өрт қауіпті кезеңінің өту барысы», «Таза Қазақстан» бағдарламасының орындалысы және оның аясында атқарылып жатқан профилактикалық жұмыстар», «Көлік салығы және шаруа қожалықтарынан түсетін салық түсімдері», «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағалары» және «Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жүргізілген ақпараттық жұмыстар туралы» мәселелер қаралып, тиісті сала басшыларының хабарламаларына орай негізгі мәселелер талқыланды.

Отырыста аудан әкімі Құрылтай сайлауының жоғары дәрежеде өтуіне атсалысып, үлес қосқан барша азаматтарға алғысын білдірді.

Жалпы ауданның ағымдағы жылғы қаңтар-шілде айларындағы әлеуметтік-

экономикалық даму қорытындысы бойынша негізгі көрсеткіштер толық орындалған. Ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы М.Жонкинаның хабарламасына орай аудан әкімі алда тоғыз айдың көрсеткіші бар екенін, сон-

шығуына себепкер болған кінәлі азаматтарды заң жүзінде жауапқа тартып, істі сотқа дейін жеткізуді тапсырды.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында елді мекендердің тазалығын сақтау, абаттандыру бағы-



дықтан да жоспарға сай жұмыс жасап, қаржы игерімін қадағалауды айтты.

Дала өрттеріне қатысты аудан әкімі өртті сөндіруге қыруар күш жұмсалғанын, сондай-ақ, сырттан да көмек келгендігін және көптеген жайылымдықтар мен шабындық жерлердің жанып кеткендігін айтып, өрттің

тында жүйелі жұмыстар үздіксіз жүргізілуде. Дегенмен күнделікті бақылап, қадағалап отыру керектігін атап өтті.

Отырыста күн тәртібіндегі басқа да маңызды мәселелер талқыланып, нақты тапсырмалар берілді.

Өз тілшімізден.

Ауыл құтқарушылары жобасы

ЖАҢА ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен жедел ауыздықтау - өрт сөндіру бекеттерінің басты міндеті. Себебі, оның арғы жағында адам өмірі мен қоғам мүлкін сақтау талабы тұрады. Әр елді мекендердегі «Ауыл құтқарушылары» жобасы аясында жаңадан ашылып жатқан Өрт сөндіру бекеттерінің маңызы ерекше деп айтуға болады. Әсіресе, дала өрттері кезінде өзінің тиімділігін анық байқатты. Кейінгі жылдары ауданымызда осындай Өрт сөндіру бекеттерінің саны артуда. Соның бір айқын көрінісі Нұраталды ауылдық округінде жаңа өрт сөндіру бекеті қолданысқа берілді.

Аталған жоба аясында ашылған жаңа Өрт сөндіру

бекетінің салтанатты ашылуында аудан әкімі Мұхит Сайлауұлы Мұхтаров, Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Аманбаев Марғұлан Топашұлы, ауылдың ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағынған Ақымбеков ауыл тұрғындарына құтты болсын айтып, құрылым мамандарының жұмыстарына сәттілік тіледі. Салтанатты шарада сондай-ақ, жаңа өрт сөндіру бекетінің бой көтеруіне атсалысып, азаматтық белсенділік танытқан бір топ азаматқа аудан әкімінің және төтенше жағдайлар қызметінің алғыс хаттары табыс етілді.

Бұл еліміз бойынша жаңадан ашылған 244-ші өрт сөндіру бекеті. Өрт сөндіру бекеті Нұраталды ауылдық ок-

ругінің 4 елді мекеніне, атап айтсақ, Қошқарбай, Ақсу, Қызылқой және Шопа ауылдарына қызмет көрсетеді.

Өрт сөндіру бекеті 1 500-ден астам тұрғынның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Жаңа бекет заманауи техникамен және өртке қарсы қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Бұл өз кезегінде төтенше жағдайлардың алдын алуға, өртке қарсы жедел әрекет етуге, сонымен қатар, ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін арттыруға зор мүмкіндік береді.

Ауыл тұрғындары алдағы уақытта осы тектес көңілге қонымды игі істердің жүзеге асырыла беретініне нық сенімді.

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.

1 қыркүйек - Білім күні

Құрметті ұстаздар! Қадірлі білім саласының ардагерлері!

Жыл сайын біз қыркүйектің алғашқы күні тамаша мереке - Білім күнін атап өтеміз. Мектеп табалдырығын алғаш аттаушылар мен оқып жатқан балаларға ақ жол, ал, ұстаздарға жемісті еңбек тілейтін осы бір дәстүр біздің қоғам тынысында қаншалықты маңызды орынға ие екендігін айғақтайды.

Кез келген мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі білім деңгейімен анықталады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары дамыған, бәсекеге қабілетті елге айналуы үшін ұлттың жоғары білімді халыққа айналуы қажеттігін ерекше атап көрсетіп, білім беру саласын заман талабына сай дамытуға баса назар аударып, үнемі қолдау көрсетіп келеді. Биыл да аудан көлемінде жылдағыдай «Мектепке жол» шапағатты шарасы ұйымдастырылуда. Ауданымыздың оқушылары түрлі облыстық, республикалық байқауларда тамаша жетістіктерге жетуде. Бұл әрине, өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беретін ұстаздар қауымының ерен еңбегі мен қажымас қайратының нәтижесі.

Білім беру мен тәрбиенің сапасын жақсартуға, мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту, кадрлар әлеуетін күшейту, ақпараттандыру деңгейін көтеруге ерекше көңіл бөлінуде.

Барлық Ұстаздар мен оқушыларды жаңа оқу жылының басталуымен және Білім күнімен құттықтаймыз!

Биылғы оқу жылы ұстаздарға көп дарынды шәкірттер сыйласын.

Баршанызға зор денсаулық, бақ-береке, оқыту ісінде және оқуда үлкен табыстар тілейміз.

М.МҰХТАРОВ,
аудан әкімі.С.СОЦИАЛ,
мәслихат төрағасы.

Комиссия отырысы

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ
СУИЦИДТІҢ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ
ЖОЛДАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жуырда аудан әкімінің орынбасары, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия төрағасы Д.Көрсембаевтың төрағалығымен кезектен тыс комиссия отырысы отырысы болып өтті.

Жасөспірімдер арасындағы суицид - қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі. Бұл қасіретті жағдайдың алдын алу үшін тек медициналық және психологиялық қолдау ғана емес, сонымен қатар, ата-аналар, мұғалімдер және жалпы қоғам тарапынан да жауапкершілікті қажет ететін мәселе. Әсіресе, ата-ананың жауапкершілігі алдыңғы орында болып қала береді.

Екіншіке орай, жуырда Батық ауылында тағы бір қайғылы оқиға орын алды. Тағы бір деп отырғанымыз бұған дейін Ақадыр кентінде екі бірдей суицид орын алған болатын. Екі оқушы өзіне-өзі қол жұмсап, өмірімен қош айтысты. Енді міне, орны толмас қайғылы оқиға тағы қайталанып отыр. Батық орта мектебінің 10 сынып оқушысы, 2009 жылы туылған Т.Ш. есімді оқушы өзіне-өзі қол жұмсаған.

Комиссия отырысында осы Батық ауылында орын алған суицид бойынша мәселе қаралып, оған полиция бөлімінен, білім және ішкі саясат, денсаулық

сақтау, әлеуметтік сала, сондай-ақ, мектеп директоры мен психологтар қатысты.

Оқушылардың жұмбақ жағдайда өзіне қол жұмсауы қоғамды дүрсілкіндіріп, елең еткізбей қоймайды. Бүгінде бұл қоғамда алаңдаушылықты тудырып, жұмбақ жағдайда өзіне қол жұмсаудың жауабын табу қиын соғуда. Себептері де көп. Мамандардың айтуынша психикалық тұрғыдан денсаулықтың нашарлауы, күйзеліс жағдайлары немесе баланың жеке өміріндегі қиындықтары, отбасындағы келіспеушілік, жанжалдар не болмаса қаржылық проблемалар, мектептегі өзінің қатарластарынан қысым көруі, сонымен қатар, қазіргі ақпараттық технологиялардың дамыған заманында интернет желісі, әлеуметтік желілер балалардың психологиялық жағдайына кесірін тигізетінін айтуда.

Шет ауданының полиция бөлімі ювеналдық полиция тобының учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Ж.Айтуова және мектеп директоры, мектептің психолог-маманы орын алған оқиғаның мән-жайына тоқталып, оқушының ювеналдық полиция тобының есебіне бұрын соңды алынбағанын, мінезі салмақты, көп сөйлемейтін бала, оқу үлгерімінің жақсы екенін және мек-

тепшілік шараларға белсенді қатысатынын, сондай-ақ, аталған отбасы жақсы жағынан сипатталады, материалдық жағдайы жақсы, бұрын бұл отбасымен полицияға шақыртулар түспегендігін, ұрыс-керіс, келіспеушіліктер болмаған. Не себепті өз өзіне қол жұмсағаны бойынша анықтау жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтады.

Комиссия мүшелері жауапты мамандардың ақпараттарын мұқият тыңдап, суицидке баратын күрделі жағдайларды жан-жақты талқылады. Бұл бағытта өз ой-пікірлерін білдірген комиссия мүшелері профилактикалық жұмыстарды күшейтуге, ата-аналардың, мектептің психолог мамандардың баланың мінез құлқына қатысты өзгерістерді байқаған жағдайда дереу әрекет жасауын немесе тиісті орындарға ақпарат беру деңгейін жоғарылатудың аса қажеттігін айтып, бұл түрлі жағдайдың алдын алуға септігін тигізетінін атап өтті.

Отырысты қорытындылаған комиссия төрағасы білім беру саласына, мектеп әкімшілігіне, тағы басқа да жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар берді.

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.

Аудандық мәслихатта

ШЕТ АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ ӨКІМІ

25 тамыз 2026 жыл

№72ө Ақсу Аюлы ауылы

Шет аудандық мәслихаттың кезектен
тыс XXXIV-сессиясын шақыру туралы

Аудандық мәслихат депутаттардың ұсынысы бойынша сегізінші шақырылған Шет аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXXIV-сессиясы 2026 жылғы 31 тамызы күні сағат 15.00-де онлайн режимде шақырылсын.

Аудандық мәслихаттың
төрағасы

С.СОЦИАЛ.

ХАБАРЛАМА

Шет аудандық мәслихаттың 2026 жылғы 31 тамыздағы кезектен тыс XXXIV-сессиясының қарауына мынандай мәселелер ұсынылады:

1. Шет аудандық мәслихат депутаттарының депутаттық өкілеттігін тоқтату туралы;
2. «Шет аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы;
3. Басқа да мәселелер.

Аудандық мәслихаттың
төрағасы

С.СОЦИАЛ.

Шет ауданының аумақтық
сайлау комиссиясының
ХАБАРЛАМАСЫ

Шет ауданының аумақтық сайлау комиссиясы С.Сейфуллин атындағы кент әкімінің сайлауын өткізу бойынша №613 учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан шығарылған комиссия мүшесінің орнына 2026 жылғы 24 тамыздағы шешімімен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 19-бабының 8-тармағына сәйкес сайлау комиссиясының мүшесі болып Оспанова Роза Есаевна тағайындалғандығын хабарлайды.

Шет ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

Таза ауыл. Таза өлке. Таза ел!

АҚОЙ - АЛТЫН БЕСІК
АУЫЛЫМ

тан «Ауылым - алтын бесігім» деген сөз Ақой ауылының тыныс-тіршілігімен толық үндеседі.

Ақой - табиғаты көркем, адамдары еңбекқор, ынтымағы жарасқан ауыл. Туған жердің тазалығы мен көркейуін ауыл тұрғындары ортақ міндет деп біледі. Соның айқын дәлелі - республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына Ақой ауылы

азаматтарының белсенді түрде қатысып келе жатқаны.

Акция аясында ауыл тұрғындары туған жердің тазалығына атсалысып, көшелер мен қоғамдық орындарды ретке келтіруге белсенділік танытып, өз үлестерін қосуда. Нәтижесінде ауыл аумағынан 380 тоннаға жуық қоқыс шығарылды. Кезінде ел игілігіне қызмет етіп, бүгінде күл-қоқысқа айнал-

ған нысандардың орны ретке келтіріліп, тазалануда.

Ауыл тұрғындарымен қатар, мекеме ұжымдары да «Таза Қазақстан» акциясына белсене қатысып, туған жерінің тазалығы мен көркейуіне өз үлестерін қосуда.

Бұл жай ғана тазалық жұмысы емес. Бұл - туған жерге деген сүйіспеншіліктің, елге деген жанашырлықтың, болашаққа деген сенімнің көрінісі.

Осындай ортақ іске ұйыған елдің берекесі артып, туған жердің ажары айшықтала түседі. Өйткені ауылдың

көркейуі - бір адамның емес, баршаға ортақ еңбектің жемісі.

Ауыл - алтын бесігіміз. Оның тазалығы - елдігіміздің айнасы, көркейуі ортақ еңбегіміздің жемісі, болашағы кейінгі ұрпаққа аманат.

Тазалық жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын таба береді.

Кенжегүл
ЫНТЫБЕКОВА,
Ақой ауылы.

Мереке шуағы

СПОРТ САҢЛАҚТАРЫНА - ЗОР ҚҰРМЕТ

Жуырда Спорт күніне орай Қарағанды қаласында өңіріміздің спорт саласында елеулі еңбек етіп жүрген азаматтарға арналған тағылымды кездесу өтті. Басқосуға Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарының, әлем, Азия және халықаралық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері, олардың жаттықтырушылары, сондай-ақ, спорт саласының ардагерлері қатысты.

Айтулы шара барысында ел спортының дамуына өлшеусіз үлес қосып, талай жылдар жас ұрпақты жеңіске жетелеп келе жатқан спортшылар мен бапкерлерге ерекше құрмет көрсетілді. Облыс әкімдігі мен Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы тарапынан олардың еңбегі жоғары бағаланып, алғыс білдіріліп, ақшалай сертификаттар табысталды.

Осындай зор құрметке ие болғандардың қатарында Шет ауданының абыройын асқақтатып жүрген бірқатар азаматтардың болуы - жерлестеріміз үшін үлкен мақтаныш. Солардың бірі - пауэрлифтингтен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, халық-

аралық дәрежедегі спорт шебері, Шет ауданының Құрметті ардагері Оспанов Дәрібай Қараманұлы. Ол ұзақ жылдар бойы спорт саласында қажырлы еңбек етіп, жоғары деңгейдегі спортшыларды тәрбиелеуге зор үлес қосып келеді. Дәрібай Қараманұлы - ардагерлер арасында

еңбегінің жемісі.

Ауданымызда тоғызқұмалақ ойынының кеңінен қанат жайуына айрықша еңбек сіңірген азаматтың бірі - Қасқырбаев Балтабай Ақтемірұлы. Жоғары санатты жаттықтырушы Балтабай Ақтемірұлы тоғызқұмалақтың алғашқы негізін қалаушылардың бірі ретінде ұлттық зияткерлік ойынның жас ұрпақ арасында дамуына жол ашты. Ол бірнеше әлем

«Үздік мемлекеттік қызметкер» төсбелгілерінің иегері, Шет ауданының Құрметті азаматы. Аманкелді Ахмедияұлы саналы ғұмырын білім мен спорт саласына арнап, білікті маман ретінде ел құрметіне бөленуде. Спорт саласындағы жемісті еңбегімен танылған тағы бір жерлесіміз - Абилов Хайролла Нұрабайұлы. Ол Қазақстан Республикасының «Құрметті спорт қызметкері», «Әдіскер-ұстаз», Ыбырай

ұлы нағыз спорт жанашыры. Теміржол саласының ардагері ретінде де елге сыйлы азамат.

Жерлестеріміздің еңбегінің облыс көлемінде жоғары бағалануы - Шет ауданында спортты дамытуға, жас таланттарды тәрбиелеуге бағытталған жүйелі жұмыстың жемісі. Олардың әрқайсысы өз саласында табанды еңбек етіп, талай жасқа үлгі болып, ауданымыздың ғана емес, облысымыздың да спорттық абыройын арттырып келеді.

Спорт - жеңіс пен жүлденің ғана емес, тәртіптің, табандылықтың, еңбекқорлықтың мектебі. Ал сол мектептен чемпиондар шығарып, жас спортшыларға бағыт-бағдар беріп жүрген жаттықтырушылар мен жанашыр жандардың еңбегі қашанда құрметке лайық. Қарағанды облысының басшылығы мен спорт саласы өкілдерінің жерлестеріміздің еңбегін елеп, құрмет көрсетуі - олардың көп жылғы маңдай теріне берілген лайықты баға. Спорт күні қарсаңындағы бұл құрмет Шет ауданының спорт саласында еңбек етіп жүрген барша азаматтарға да зор серпін беретіні сөзсіз.

Жерлестерімізге көрсетілген құрмет - ауданымыздың мерейі. Оларға табыс, мықты денсаулық, жаңа белестерді бағындыруда жетістіктер тілейміз! Ал, шәкірттерінің жеңісі еселеніп, Шет өңірінен талай жаңа чемпиондар шығуына тілектеспіз!

Қалижан БЕКҚОЖА,
Ақадыр кенті.



Әлемнің төрт дүркін, Азияның бес дүркін және Қазақстан Республикасының он бес дүркін чемпионы Қараман Абдулкәрімнің жеке жаттықтырушысы. Оның шәкірттерінің халықаралық дода-лардағы толағай жетістіктері - білікті бапкер

және Азия жеңімпаздарын тәрбиелеп, шәкірттерін биік белестерге бастап келеді. Құрмет төрінен орын алған тағы бір ардақты азамат - Қызылов Аманкелді Ахмедияұлы. Ол - Қазақстан Республикасының «Құрметті спорт қайраткері», «Қазақ КСР Білім беру саласының үздігі»,

публика чемпиондарын тәрбиелеп жүрген спорт жанашыры Акишев Азамат Қожанәсіпұлы да ие болды. Ол тоғызқұмалақтан биік белестерді бағындырған Қожанәсіп Асылхан, Аңсаған және Балғынның әкесі. Балаларының спорттағы жетістіктеріне үнемі қолдау көрсетіп, олардың жарыстарға қатысуына жағдай жасап, демеушілік танытып келе жатқан Азамат Қожанәсіп-



Сайлау-2026

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ШЕТ АУДАНЫ С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ КЕНТІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕРЛЕРДІ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА (сайлау 2026 жылғы 13 қыркүйек)

2026 жылғы 21 тамыз сағат 18.00-дегі жағдай бойынша

№ Р/с	Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғы- лықты жері	кім ұсынды не- месе өзін-өзі ұсыну
1.	Бекенов Ерлан Муратович	1988 жыл	Тағылы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, Қарағанды об- лысы, Шет ауданы Жұмыскер ауылының тұрғыны	өзін-өзі ұсыну арқылы
2.	Жакенов Абзал Толеуович	1980 жыл	С.Сейфуллин атындағы кенті әкімі аппаратының бас маманы, Қарағанды облысы, Шет ауданы Сәкен Сейфуллин атын- дағы кенттің тұрғыны	«ӘДИЛЕТ» партиясы
3.	Шәбденова Айжан Кежекбайқызы	1994 жыл	Ақсу-Аюлы ауылдық ок- ругі әкімі аппаратының бас маманы,Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны	өзін-өзі ұсыну арқылы

Ұлы даланың жеті қыры һәм бір сыры

ТЫЛСЫМҒА ТОЛЫ ҰЛЫ ДАЛА



Таңбалы тас. Кешегі бір қазақы ауылды еске түсіреді. Ұры қасқырдың іргедегі малға шауып, көтерілген айқайдан тұра қашқанын мал баққан жұрт сан көрді. Үріккен мал тұр суретте. Әнебір тұстағы кісі айғайға басып тұрғандай. Сүмендеген ит-құс тұра қашқандай. Төменгі жақтағы шырай-нала салынған дөңгелектер олардың жатар жері ме дегендейсің. Бір қазақы өмір көрушіні өзіне шақырады.

Жазғы кітапхана

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ “БИБЛИО-КРОСС”

Жазғы кітапхана - оқырманға ерекше көңіл-күй сыйлайтын, кітап пен шығармашылықты тоғыстыратын тамаша орта. Осы бағыттағы жұмыстарды жандандыру мақсатында Шет аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен «Ашық аспан астындағы кітапхана» атты библио-кросс танымдық-ойын түріндегі іс-шара ұйымдастырылды.

Шара барысында кітапханашы оқырмандарды кітапхана қорына жаңадан келіп түскен әдебиеттермен таныстырып, әр кітаптың мазмұны мен ерекшелігі

туралы қысқаша ақпарат берілді. Оқырмандарға қызықты кітаптарды таңдап оқуына бағыт-бағдар көрсетілді.

Іс-шараның қызықты әрі тартымды өтуі үшін қатысушылар екі топқа бөлініп, кітап пен әдебиетке қатысты түрлі ойындар мен танымдық тапсырмаларға белсене қатысты. Топ мүшелері өздері оқыған кітаптардағы әдеби кейіпкерлерді танып, шығармалар мен авторларға қатысты сұрақтарға жауап беріп, өздерінің білімдері мен шапшаңдықтарын сынға салды.

«Библио-кросс» барысында қатысушылар арасында достық бәсекелестік қалыптасып, кітап әлеміне деген қызығушылықтары арта түсті. Әдеби ойындар арқылы оқырмандар өз білімдерін толықтырып қана қоймай, шығармашылық қабілеттерін дамытып, бір-бірімен еркін пікір алмасты.

Осындай мазмұнды шаралар оқырмандардың кітап оқуға деген ынтасын арттырып, кітапхананы бос уақытты тиімді өткізетін мәдени әрі танымдық орта ретінде қалыптастыруға ықпал етеді.



«Ашық аспан астындағы Библио-кросс» - кітапты сүйетін оқырмандардың басын қосып, білім мен көңілді қатар ұштастырған жарқын шара болды.

А.САЙРАНОВА,
аудандық орталық
кітапхананың
кітапханашысы.

Сапалы білімнің басты шарты

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ - БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Бұл мақалада қазіргі білім беру үдерісіндегі сыни тұрғыдан ойлаудың маңызы қарастырылады. Оқушының өз ойын еркін жеткізуі, ақпаратты талдауы, салыстыруы, дәлелдеуі және өз бетінше шешім қабылдауы - заман талабына сай тұлға қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі. Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау дағдыларын дамытуда мұғалімнің бағыттаушы, ұйымдастырушы ретіндегі рөлі айқындалады.

Түйін сөздер, сыни тұрғыдан ойлау, бастауыш сынып, оқушы, мұғалім, шығармашылық, білім сапасы, жеке тұлға, ізденіс. Қазіргі қоғам үздіксіз даму мен жаңаруды талап етеді. Қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістер білім беру жүйесіне де өз ықпалын тигізіп, оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру қажеттігін туындатып отыр. Әсіресе, бастауыш білім сатысының маңызы ерекше. Себебі дәл осы кезеңде баланың дүние танымы қалыптасып, оқу әрекетіне деген қызығушылығы артып, жеке тұлғалық қасиеттерінің алғашқы негіздері қаланады.

Бүгінгі мектептің міндеті -

оқушыға дайын білімді ғана беріп қоймай, оны өздігінен ізденуге, ойлануға, пікір айтуға, дәлелдеуге және алған білімін өмірде қолдануға үйрету. Осы тұрғыдан алғанда сыни тұрғыдан ойлау технологиясының мүмкіндігі мол. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? Сыни тұрғыдан ойлау - адамның кез келген ақпаратты дайын күйінде қабылдамай, оны саралап, талдап, салыстырып, өз көзқарасын қалыптастыра білу қабілеті. Сыни ойлайтын оқушы өзіне сұрақ қояды, жауап іздейді, мәселенің бірнеше шешімін қарастырады және өзінің пікірін дәлелдеуге ұмтылады. Сонымен қатар ол басқа адамның пікірін тыңдап, оны құрметтеуге үйренеді.

Сыни ойлау оқушының тек оқу үлгеріміне ғана емес, оның күнделікті өмірдегі шешім қабылдау қабілетіне де әсер етеді. Бала ақпараттың ішінен қажеттісін тандап, бұрынғы білімімен байланыстырып, жаңа қорытынды жасай алады. Сондықтан мектептегі әр пәнді оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру маңызды. Сыни ойлауға бейім оқушы белсенді болады, өз ойын еркін білдіреді

және өзіндік тұжырым жасауға талпынады. Бастауыш сыныпта сыни ойлауды қалыптастыру негізінде баланың білім алуға деген қызығушылығы ерекше қалыптасатын кезең. Осы уақытта мұғалім оқушыны тек тыңдаушы ретінде емес, сабақтың белсенді қатысушысы ретінде қалыптастыруы қажет.

Сабақ барысында оқушыларға «Неліктен?», «Қалай ойлайсың?», «Егер... болса не болады?», «Өз жауабыңды қалай дәлелдей аласың?» деген сияқты сұрақтар қою баланы ойлануға жетелейді. Мысалы, мәтінмен жұмыс кезінде оқушыға дайын жауапты айтудың орнына оқиганың жалғасын болжату, кейіпкердің іс-әрекетіне баға берізу, өз пікірін дәлелдеуге тиімді. Математика сабағында есептің бірнеше шешу жолын іздету арқылы да оқушының логикалық және сыни ойлау қабілетін дамытуға болады. Осылайша бала біртіндеп өз ойын жүйелі жеткізуге, салыстыруға, талдауға және қорытынды жасауға үйренеді.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуда мұғалімнің рөлі өте маңызды. Қазіргі мұғалім - тек білім беруші ғана емес, оқушы-

ның ізденісіне бағыт беретін ұйымдастырушы, кеңесші және қолдаушы тұлға. Материалда да мұғалімнің басты міндеттерінің бірі баланың өзіне деген сенімін арттырып, өзін тұлға ретінде сезінуіне мүмкіндік жасау екені атап көрсетіледі.

Мұғалім әр оқушының жеке ерекшелігін, қызығушылығын, қабілетін ескеруі керек. Оқушы қате жауап берген жағдайда оны бірден сынамай, «Неліктен олай ойладың?», «Тағы қандай жауап болуы мүмкін?» деген бағыттаушы сұрақтар арқылы қайта ойлануға мүмкіндік берген жөн. Мұндай ортада бала қателесуден қорықпайды, өз ойын ашық айтады және ізденуге талпынады.

Оқушы - ізденуші тұлға. Сыни тұрғыдан ойлауға негізделген сабақта оқушының рөлі өзгереді. Ол бұрынғыдай тек дайын ақпаратты қабылдаушы емес, ақпаратты іздеуші, талдаушы, ойланушы және өз пікірін дәлелдеуші тұлға айналады. Ал мұғалім осы әрекетті ұйымдастырып, бағыттап отырады. Бұл тәсіл оқушының шығармашылық қабілетін де дамытады.

Шығармашылық пен сыни ойлау бір-бірімен тығыз байланысты. Бала өз ойын еркін білдірген сайын жаңа идея ұсынуға, мәселені өзгеше шешуге және өз шешіміне жауапкер-

шілікпен қарауға үйренеді.

Қорыта айтқанда, сыни тұрғыдан ойлау - қазіргі білім беру үдерісінің маңызды бағыттарының бірі. Ол оқушыны тек білімді меңгерген тұлға емес, алған білімін өмірде қолдана алатын, ақпаратты талдайтын, өз ойын дәлелдейтін, шешім қабылдайтын және өзгелердің пікірін құрметтейтін азамат ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бастауыш сыныптан бастап оқушының өз ойын еркін айтуына, сұрақ қоюына, ізденуіне және дәлелдеуіне жағдай жасау - мұғалімнің маңызды міндеті. Себебі бүгінгі мектеп оқушысы ертенгі қоғамның белсенді мүшесі болады. Сондықтан әр сабақта баланың ойлануына мүмкіндік беру, оның пікірін тыңдау, шығармашылығын қолдау және өздігінен шешім қабылдауына жағдай жасау - сапалы білім берудің басты шарттарының бірі.

Балаға дайын жауап беруден гөрі, жауапты өздігінен табуға мүмкіндік беру - оның ойлау қабілетін дамытудың ең тиімді жолы болмақ.

Жанагүл ЖҰМАТОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы
тірек мектеп (РО) жанындағы
интернаттың бастауыш
сынып мұғалімі.

Қайырымдылық - асыл қасиет



Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы - жомарттық, кеңпейілділік. Ол адамға қызмет қылып, жақсылық жасауға пейілді жанға тән сипат. Жомарт болу - өзінде барды зору адаммен шын жүректен бөлісу. Аялы алақанымызды, қол ұшымызды созып, қайырымдылық жасап, көмек қолын күткен әрбір жанның жүрегіне жылылық ұялатып, өмірге деген көзқарасын өзгерту барлық азаматтың борышы.

Биыл біздің Красная поляна ауылында аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шық-

БАЛАЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

қан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық ретінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке баруының алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында жалпыреспубликалық “Мектепке жол” акциясы жүргізілуде. Акцияның мақсаты - аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, сондай-ақ, жетім қалған, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету. Жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде әлеуметтік себептер бойынша оқушылардың мектепке келмеуінің алдын алу үшін көмек көрсету болып табылады.

Осыған орай жаңа оқу жылы қарсаңында «Шерубай

Су» ЖШС-і директоры Шиба-нов Сергей Александровичтің демеушілігімен «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.

Акция барысында 5 балаға көмек көрсетіліп, жалпы 250 000 теңге көлемінде демеушілік қолдау көрсетілді. Мектепке қажетті киім-кешектер мен спорттық жабдықтар толықтай алынды. Ұл балаларға костюм, жейде, футболка, белдік, классикалық аяқ киім, спорттық костюм және спорттық аяқ киім, ал қыз балаларға юбка, блузка, футболка, аяқ киім, спорттық костюм және спорттық аяқ киім сатып алынды. Сонымен қатар, әр балаға мектеп сөмкесі және қажетті кеңсе тауарларының толық жиынтығы табысталды. Балаларға қолдау көрсетіп, игі бастамаға



демеушілік жасаған «Шерубай Су» ЖШС-і директоры Шиба-нов Сергей Александровичке алғысымызды білдіре отырып, балаларға мейірім, қуаныш сыйлайтын азаматтардың қатары артып, қайырымдылық шаралар көбейе берсін демекпіз.

Осындай қайырымды істер

- балалардың болашағына жасалған үлкен қамқорлық дегім келеді.

Жазира АМАЛБАЕВА,
мәдениет үйінің
менгерушісі.
Красная поляна ауылы.

Тағзым

ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАН ЕРЕКЕН

Өмірден өткен адам туралы жазу оңайға соқпайды. Қолына қалам алған сәтте ең алдымен сол азаматтың бейнесі көз алдына келеді. Онымен бірге өткізген сәттер, айтқан әңгімелері, елге жасаған еңбегі, адамдық болмысы ойға оралады. Уақыт алыстаған сайын кейбір естеліктер көмескіленгенімен, елге сіңірген еңбегі мен артында қалдырған жақсы ізі ешқашан өшпейді.

Адамның өмірден өткеніне жылдар өтеді. Бірақ оның елге жасаған жақсылығы, азаматтық болмысы, кейінгі ұрпаққа қалдырған өнегесі халық жадында сақтала береді. Өйткені адамның ғұмыры оның өмір сүрген жылдарымен емес, елге бергенімен, атқарған қызметімен, айналасына жасаған жақсылығымен өлшенеді.

Сондай азаматтардың бірі - ғұмырының біраз жылдарын мемлекеттік қызметке арнап, аудан көлемінде жауапты басшылық қызметтерді абыроймен атқарып, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлесін қосқан Есімғалиев Ерғалы Есімғалиұлы еді.

Биыл Ерғалы Есімғалиұлының дүниеден өткеніне отыз жыл толып отыр. Арада үш онжылдық уақыт өтсе де, елге қызмет еткен азаматтың есімі ұмытылған жоқ. Оның еңбек жолы, азаматтық ұстанымы, ел-жұртпен етене араласқан болмысы оны таныған жандардың жадында әлі де жаңғырып тұр.

Ерекен 1938 жылы 5 наурызда Қарағанды облысы, Шет ауданы, Гүлденсін колхозында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі Есімғали Оразбекұлы өңірге ұсталығымен, етікшілігімен танылған, қолынан іс келетін шебер жан болған. Ол заманда өнері мен еңбегін ел қадесіне жарата білген азаматтардың беделі де айрықша еді. Ал анасы Әліман үй шаруасына мығым, бес баласын тәрбиелеп өсірген ардақты ана болды.

Ерекен ағасы Алғазы, інісі Көмен, апа-қарындастары Сара мен Жамалдың ортасында өсіп, балалық шағын ел басына түскен ауыр кезеңдермен бірге өткізді. Ашаршылық пен қуғын-сүргіннің зардабы сейіле қоймаған тұста дүниеге келген оның балалық шағы соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Сондықтан баланың қызыққа толы ойыннан гөрі үлкендерге қолғабыс етуі, мал бағуға, қырмандары егісті күзетуге көмектесуі қалыптас жағдай еді. Осындай еңбек пен жауапкершілікке ерте араласқан Ерекен жастайынан жердің кәдірін, малдың қасиетін, маңдай термен келген еңбектің бағасын түсініп өсті. Қиындыққа шыңдалған сол балалық шағы оның кейінгі өміріндегі еңбекқорлық пен төзімділіктің берік негізіне айналды.

Соғыс аяқталған 1945 жылдың күзінде Ерғалы бала мектеп тәлім-тәрбиесін алды. Балалық шағынан қиындықтың тауқыметін көріп, еңбектің кәдірін ерте түсінген зерек бала сабаққа ынта қойып, білімге құштар болып өседі. Ұстаздарының берген сабақтарына белсенді араласып, әсіресе техника мен құрылыс саласына қатысты пәндерге ерекше қызығушылық танытады. Жастайынан инженер, құрылысшы болсам деген арманы да жоқ емес еді.

Мектепті бітіріп, орта білім алған бозбала Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге аттанады. Екі жылдық әскери міндетін абыроймен атқарып оралған Ерғалы Есімғалиұлы 1961 жылы Новосибирск қаласындағы политехникалық институтына оқуға түседі. Алайда отбасылық жағдайына байланысты үш жылдан соң оқуын Қарағанды қаласындағы политехникалық институтында жалғастыруға мәжбүр болады.

1967 жылы Қарағанды политехникалық институтын инженер-құрылысшы мамандығы бойынша тәмамдаған жас маман еңбек жо-



лын Шет ауданындағы «Октябрьдің 40 жылдығы» атындағы кеңшарда прораб болып бастайды. Ал 1970-1973 жылдары Шет аудандық байланыс торабының басшысы қызметін атқарады.

1973 жылдың көктемінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен жаңадан Жезқазған облысы, оның құрамында Ақадыр ауданы құрылады. Жаңа облыс пен жаңа ауданға білікті де іскер кадрлар қажет еді. Осыған байланысты Ақадыр аудандық партия комитеті мен атқару комитетінің ұсынысымен Ерғалы Есімғалиұлы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына құрылыс инженері қызметіне шақырылады. Бұл кезең оның мемлекеттік қызметтегі жаңа белесінің басталуы болатын.

Жаңадан құрылған аудандағы он кеңшардың жетеуі жылқы, қой-ешкі өсірумен айналыса, қалған үшеуі егіншілікпен, ірі қара өсірумен және сүт өндірумен шұғылданды. Осындай ауқымды шаруашылықтарға көмегін бере жүріп, Ерекен өзінің ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігін айқын таныта білді. Елмен бірге еңбек етіп, елден үйреніп, мол тәжірибе жинақтады. Кеңшарлардың өндірістік қуатын арттырып, кадрлардың тұрақтауына жағдай жасау үшін тұрғын үйлермен қатар, машина-трактор шеберханаларын, көлік гараждарын, сауда және мәдени-спорт нысандарын салу қажет еді. Осы маңызды жұмыстардың басы-қасында жүрген Ерғалы Есімғалиұлының білімі мен іскерлігін аудан басшылығы дер кезінде бағалай білді. Соның нәтижесінде 1975 жылы ол Ақадыр аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалады.

Ерекен осы жауапты қызметті он жыл бойы абыроймен атқарып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, құрылыс пен өндірістің өркендеуіне өзіндік үлесін қосты. Осы жылдар оның ұйымдастырушылық қабілеті толысып, ел ісіне етене араласқан, азаматтық тұлғасы қалыптасқан кезең болды.

Ерекеннің осы кезеңдегі еңбегін ерекше бағалауға болады. Өйткені аудан орталығы мәртебесіне ие болған Ақадыр ол кезде қатардағы теміржол станциясынан жаңа сипаттағы елді мекенге айнала бастаған еді. Бұрынғы саманнан салынған жер үйлер мен «хрущевкаларға» жаңа үлгідегі заманауи ғимараттар қосылды. Ұшқабатты аудандық аурухана, байланыс торабы, атқару комитеті, Ю.Гагарин атындағы мектеп, екіқабатты аудандық партия комитеті, балабақшалар, прокуратура, халық соты және басқа да әлеуметтік нысандар бой көтеріп, кенттің ажарын аша түсті.

Әсіресе, теміржолдың екінші жолдарын электрлендіруге байланысты Ақадырда үлкен құрылыс жұмыстары жүргізілді. Мемлекеттік бағдарламалар аясында үш бес қабатты, тоғыз ұшқабатты, он сегіз екіқабатты тұрғын үй, бірнеше балабақша, кинотеатр, қоғамдық тамақтану мен сауда орындары пайдалануға берілді. Бірнеше жылдың ішінде Ақадыр көркейіп, қалалық үлгідегі кентке айналды. Электро-

воздардың қатынауы басталып, бұрын тепловоз түтініне тұншыққан кент ауасының тазаруы тұрғындар үшін үлкен қуаныш болды.

Осындай ауқымды өзгерістер кезінде Ақадырдың үлкен құрылыс алаңына айналғанын бүгінгі аға буын жақсы біледі. Күндіз-түні қайнаған тіршіліктің, уақытында тапсырылған құрылыс нысандарының басы-қасында Ерғалы Есімғалиұлы жүрді. Сол жылдары аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары ретінде ол өнеркәсіп, көлік, құрылыс және коммуналдық шаруашылық салаларына басшылық жасап, олардың дамуына жауапты болды.

Сонымен бірге Жоғарғы Қайрақтының жаңа құрылысы мен ауданға қарасты 17 ауыл-кенттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына да Ерекеннің өзіндік қолтаңбасы қалды. Сондықтан оның ауданның өсіп-өркендеуіне сіңірген еңбегін өлшеусіз деп бағалауға толық негіз бар.

Ерекен мемлекеттік қызметте жүріп, сыртқы беделінен бұрын оның жауапкершілігін терең түсінді. Басшылық қызмет атқару - елден биік тұру емес, керісінше, елдің жүгін арқалау екенін жақсы білді. Сондықтан қай қызметте жүрсе де, қарапайым халықпен тіл табысып, олардың мұң-мұқтажына құлақ асуға, елдің көкейіндегі мәселелерді шешуге күш салды.

Ерғалы Есімғалиұлының бойындағы ең басты қасиеттердің бірі - адамға деген құрметі еді. Үлкенді сыйлап, кішіні ізет тұтып, қызметтестеріне қолдау көрсете білетін. Адамның лауазымына емес, азаматтық қасиетіне қарап бағалайтын. Қарапайымдылығы мен салмақтылығы, сөзге тоқтайтын сабырлы мінезі оны айналасындағыларға сыйлы етті.

Ол өмір сүрген кезең ауданның тарихында өзіндік орны бар жылдар еді. Елдің тұрмыс-тіршілігіне қатысты талай мәселе мемлекеттік қызметкерлердің мойнына жүктелді. Осындай жауапты кезеңде Ерғалы ағамыз елдің дамуына қызмет етіп, өзіне сеніп тапсырылған міндетті абыроймен атқарды.

Сондықтан Есімғалиев Ерғалы Есімғалиұлының ауданымыз бен Ақадыр кентінің дамуына сіңірген еңбегі, елге қызмет еткен жылдары мен төккен маңдай тері ескеріліп кенттегі көшелердің біріне оның есімінің берілуі - азамат еңбегіне көрсетілген лайықты құрмет, оның өмір жолына берілген жоғары баға және еңбегін еске салатын рухани белгі. Осы көшемен жүріп өткен әрбір адам оның есімінің мән-мағынасына үңіліп, ел үшін еңбек еткен азаматтың өнегелі өмір жолын таныса деген тілек бар. Өйткені, туған жердің тарихын жасаған азаматтардың есімін сақтау - ұрпақтың парызы.

Азаматтың кәдірі қызметімен ғана емес, адамдық қасиетімен де өлшенеді. Ерғалы Есімғалиұлының ел ішінде жақсы атынын сақтауы - соның айғағы. Оны көрген, бірге қызметтес болған, ақылын тыңдаған адамдардың естеліктерінде оның бейнесі әрдайым жақсы қырынан көрінеді.

Мақала жазу барысында Жұмыскер ауылының байырғы тұрғыны, Тағылы ауылдық округін жиырма жылдан астам уақыт басқарған Бокайтегі Балтабай Игенұлына жолыққанымда, ол кейіпкерім туралы жылы естелігін айтты:

- Ерекен жерлесіміз жоғары оқу орнын бітірген бетте институттың жолдамасымен бірден ауылымызға прораб қызметіне келді. Жас болса да, сол кездің өзінде оның бойынан көшбасшылық қасиет анық байқалатын. Ауылдың үлкендері мен ақсақалдары директорға де, партком хатшысына да, кәсіподақ төрағасына да бармай, көбіне Ерекене келіп, мұң-мұқтаждарын айтатын. Өйткені өздерінің өтініш-тілектері осы кісі арқылы жоғары басшыларға жететініне сенетін. Ауылдастар арасында дау-дамай, келесіз жағдайлар болып қалса, Ерекен ара түсіп, екі жақты татуластыруға күш салатын кездері де көп болды, - деп ол кісі Ерекеннің азаматтық болмысына лайықты бағасын берді.

Ал енді Ерекеннің келіні Райхан Әленқызы үлкендерден естіген мына бір әңгімені айтып берді:

- Атамыздың туған жері мен ел тарихына деген патриоттық сезімі ерекше болған. Өткен ғасырдың 80-жылдары, Кеңес өкіметі тұсында Ақжолтай Ағыбай батырдың басына ескерткіш тақта қоюға бір топ азамат ниеттенді. Ол кезде батырдың атын атаудың өзі оңай емес еді. Қаладан арнайы дайындалатын тақтаны батырдың басына қоюға реті келмей қояды. Содан сегіз ай бойы атамыздың үйінде сақталады. Ақыры бір күні Кәмел Жүністеги, Тілеукабыл Есембекұлы, атамыз және батырдың ұрпағы Серік Исмаков төртеуі жасырын түрде батырдың басына барып, ескерткіш тақтаны орнатқан екен.

Кейін Ақжолтай Ағыбай батырдың есімі елге кеңінен ұлықталып, 190 жылдығы республика көлемінде аталып өткенін білесіздер. Осы оқиға атамыздың туған елінің тарихына деген алдылығы мен азаматтық батылдығын аңғартатыны сөзсіз - деп сөзін аяқтады.

Ерекеннің өмірлік жары Ибрайбекова Бағдат (Пәну) Тілеужанқызы да шанырақтың ұйытқысы, отбасының берекесін кіргізген абзал жан болған. Бағдат апайдың дастарханы әрдайым берекеге толы, әзірлеген асы дәмді, көңілі дархан еді. Үйге келген әрбір мейманды қазақтың ежелден келе жатқан қонақжайлық дәстүрімен қарсы алып, алдынан асын тосып, жылы қабағын танытып, қонақтың көңілін таба білетін. Сондықтан Ерекендердің шанырағына келген адамдар дастарханның ғана емес, отбасының ерекше жылылығын сезініп, ризашылықпен аттанатын.

Бағдат апайдың тағы бір ерекше қыры - табиғаттан берілген әдемі қоныр дауысы еді. Ән айтқанда дауысындағы сырлы әуез бен жүрекке жылы тиер нәзік нақышы тыңдаушысын баурап алатын. «Балқантау», «Бір бала», «Жылжиды аққу» сынды әндерді нақышына келтіре орындап, дастархан басындағы жарасымды отырыстардың сәнін келтіретін. Ән мен әңгіме қатар өрілген сондай басқосулардың ажарын ашып, отырған жұрттың көңілін көтеріп, думанды кештің көркін қыздыратын. Бұл да оның өнерге жақын, жүрегі әнге толы жан болғанын аңғартса керек.

Ерлі-зайыптылардың отбасылық өмірдегі ең үлкен жетістігі - жеті перзент тәрбиелеп, олардың әрқайсысына сапалы білім беріп, ел қатарлы азамат болып қалыптасуына жол ашуы. Ұл-қыздарының барлығы дерлік жоғары білім алып, әр салада еңбек етіп, өз отбасыларын құрып, бала-шағаларын тәрбиелеп отыр.

Үлкен ұлы Орынбай арнайы кәсіптік білім алып, ұзақ жылдардан бері теміржол саласында еңбек етіп келеді. Қазіргі таңда Ақадыр белгі беру және сигнализация дистанциясы - ШЧ-21 мекемесінде

қызмет атқарады. Орынбайдың өмірлік жары Майра Түрбекқызы да ел қатарлы еңбек етіп, жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Отбасының берекесін сақтап, бала тәрбиесіне де, кәсіпке де қатар көңіл бөліп келе жатқан іскер жан. Ал олардың балалары Әнуар кент әкімдігінде бөлім басшысы болып, ел игілігі жолында мемлекеттік қызмет атқарса, Бактияр есімді ұлдары ішкі істер саласында абыройлы еңбек етіп жүр. Яғни, бір әулеттің ұрпақтары әртүрлі саланы тандап, қоғамның түрлі бағыттарында өз үлестерін қосып келеді.

Екінші ұлдары Дәуір де әке жолын қуып, теміржол саласында еңбек етіп жүр. Ол да ШЧ-21 мекемесінде қызмет атқарады. Дәуірдің өмірлік жары Райхан Әленқызы да ел қызметінде жүрген білікті маман. Ол кент әкімдігінде бас маман болып еңбек етіп, туған жерінің әлеуметтік дамуына өз үлесін қосып жүр. Бұл отбасында да еңбекке деген құрмет пен елге қызмет ету дәстүрі айқын көрінеді. Дәуір мен Райханның ұлдары Еркін де техникалық бағытты тандап, энергетика саласында еңбек етуде. Ол «KEGOC» АҚ-ның Ақадыр ПС-500 мекемесінде инженер-энергетик болып қызмет атқарады.

Ерекен мен Бағдат апайдың қыздары да ата-аналарының үмітін ақтап, әрқайсысы өз тандаған саласында еңбек етіп жүрген өнегелі жандар. Қыздары Назым теміржол саласында қызмет атқарса, Сағдат, Салтанат және Айнұр білім беру саласын тандап, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп келеді. Қыздарының осы саланы таңдауы да ата-ананың берген тәрбиесі мен адамға қызмет етуді биік қоятын отбасылық құндылықтардың жалғасы болса керек.

Тағдырдың жазуымен Нұрда-на есімді қыздары 19 жасында өмірден өтіп, әке-шешесінің, туған-туыстарының жүрегіне жазылмас жара салды.

Бүгінде Ерекен мен Бағдат апайдан тараған ұрпақтың барлығы өз алдына шанырақ көтеріп, бала-шағаларын өсіріп, ел қатарлы тіршілік кешіп келеді. Ерғалы ағамыз туған-туыстарына да қолдау көрсетіп, әсіресе Сара апасы мен Жамал қарындасынан туған жиендеріне оқу мен мамандық таңдауда ақыл-кеңесін аямаған. Бүгінде Сағындық, Айбол, Ербол Бидайбековтер мен Жеңіс Сұлтанбеков нағашыларының жолын қуып, еңбектің майталманына айналған, елге сыйлы азаматтар.

Өкінішке қарай, Ерекеннің де, өмірлік жары Бағдат апамыздың да ғұмырлары қысқа болды. Осыдан отыз жыл бұрын, араларына небәрі үш ай салып, бірі 58, екіншісі 52 жасында фәниден бақиға аттанып кетті. Арттарында ұрпағы мен ел-жұртына жасаған игілікті істері, жарқын естеліктері қалды.

Иә, уақыт - таразы. Жылдар өткен сайын адамның қызметі мен атағынан гөрі, оның артында қалдырған адамдық ізі айқындала түседі. Осы тұрғыдан алғанда, Ерғалы Есімғалиұлының ғибратты ғұмыры - кейінгі буында үлгі боларлық өмір жолы. Отыз жыл - аз уақыт емес. Осы аралықта талай дүние өзгерді, талай ұрпақ өмірге келді. Бірақ ел үшін еңбек еткен азаматтардың есімі өзгермейді. Өйткені халық жадында сақталған жақсы есім - уақыттан биік.

Бүгінде Ерғалы Есімғалиұлы арамызда болмаса да, оның жарқын бейнесі, елге жасаған еңбегі, азаматтық тұлғасы оны таныған жандардың жүрегінде сақтаулы. Өмірден өткен жақсы адамның ғұмыр жолын еске алу - өткенді ғана жаңғырту емес, бүгінгі ұрпаққа өнеге көрсету.

Есімғалиев Ерғалы Есімғалиұлының жарқын бейнесі ел есінде осылай сақтала бермек.

Қалижан БЕКҚОЖА,
Ақадыр кенті.

Имандылық

ТУЫСҚАНМЕН БАЙЛАНЫСЫҢ ЖАҚСЫ МА?

Қазақ халқы ағайын-туыспен байланысқа ежелден мән берген. Бұған туысқанға қатысты мақал-мәтел, нақыл сөздердің көптігі мен әрбір жақын адамға туыстық атаулар беруінің өзі жеткілікті дәлел бола алады. Шын мәнінде басқа ұлттарда тума туысқа жалпылама атау берілсе, қазақ халқында әр туыстың атауы мен оған көрсетілетін құрмет, ізеттің де өзіндік орны бар.

Өзге ұлттарда көбіне анасының туыстарын «анамның інісі, ағасы, сіңлісі» деп жалпылама атаса, қазақ халқында оларды нағашы аға, нағашы апа немесе әпке деп атайды. «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» дейтін халқымыз өзіл-қалжыңға келген кезде де өркімнің орнын белгілеп берген. Мысалы, жезде мен балдыз, нағашы мен жиеннің өзілі жарасып, қалжың көңіл көтереді. Тіпті дастарқанға қойылған үлкен астың да әр туысқа берілу тәртібі бар. Табақ тартуды білмеу қазақ танымында ұят саналады. Құрметті қонаққа, әсіресе құдайындай сыйлайтын құдасының алдына міндетті түрде бас қойылады. Одан кейін жамбас, ортан жілік, құйрық-бауыр деп кете береді. Күйеу-балаға төс, қызына тоқпан жілік береді. Әрине дастарқан басында қолың жеткен ері бұйырған асты жей беруге болады, ал жоғарыда айтылғандар - қазақтың туысқа арнайы ас ұсыну дәстүрі.

Алла Тағала адам баласына ата-анасынан кейін бірге туған бауырларын, ағайын-туысын құрметтеуді бұйырған. Оған дәлел ретінде Құран Көрімде аят та, Пайғамбарымыздың (оған Алла ның салауаты мен сәлемі болсын) көптеген хадисі бар. Бір кісі ардақты Пайғамбарымыздан (оған - Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жәннатқа кіруге көмектесетін амал айтуын сұрағанда екі дүние сәуары: «Аллаға құлшылық ет, Одан басқа ешкімге құлшылық етпе. Намаз оқы, зекет бер және туыс-тарыңмен байланысыңды сақта», - деп жауап беріпті. Әйгілі Әйтеке би:

- Кісіге бірге туыспау керек. Туысқан соң, сөз қуыспау керек. Сөз қуған пәлеге жолығады. Жол қуған олжаға жолығады, - деген екен. Көбіне ағайынның арасын бір ауыз сөз, болмашы әрекет бұзып жатады. «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» дегенді күнде естісек те, ағасын айлап көрмеген, інісін жылдап іздемеген бауырлар бар. Той-садақада, басына іс түскенде ғана іздеу әдет болып барады. Негізі бабаларымыздан қалған туысқандық дәстүріміздің сипаты басқаша болатын. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: «**Келмегенге сен бар, бермегенге сен бер, қиянат жасағанды кешір**», - деп айтқан. Осы орайда исламтанушы, РАНТ түшесі Думан Сайфулладан туыстармен қарым-қатынас әдептерін сұраған едік.

«Туыстық қарым-қатынасты сақтау - зор сауапқа кенелу, ризық несібенің артуы, Алланың ризалығына бөлену сияқты т.б. екі дүние пайдасына - себепші болатын маңызды амал. Жақсылық жасауды ал-

дымен жақын туыстардан бастау керек. Хадис бойынша, алдымен анамызды, одан кейін әкемізді сыйлауға тиіспіз. Содан кейін ғана туған бауырға, жақын туыстарға, жамағайынға құрмет көрсетеміз. Сонымен қатар қарым-қатынасты үзген туыстармен байланысты түзеу керек. Себебі Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Нағыз туыстық байланысты сақтаушы - қарым-қатынасты үзіп алған туыстарымен байланысын түзейтін адам», - деген болатын (Бұхари, Әбу Дәуіт). Туыстық байланысты сақтаудың бір жолы - мұқтаж кезде жәрдем беру, қиналғанда жанынан табылу. Алла Тағала Құран Көрімнің «Бақара» сүресінде: «Олар сенен Алла жолында не беретінін сұрайды. «Неңдей қайыр сарып қылсаңдар, әкешеше, жақындар, жетімдер, міскіндер және жолда қалғандар үшін. Неңдей жақсылық істесеңдер де, күдіксіз Алла оны біледі» де», - деп баяндаған. Яғни жақсылық жасауды туысымыздан бастағанымыз секілді зекет-садақа беруді де мұқтаж ағайын-туыстан бастау керек. Өйткені хадистердің бірінде: «Кедейге садақа беру - садақа, ал туысқанға көмектесу болса - екі сауап. (Бірі) - садақаның, (екіншісі) туысқандық қарым-қатынасты сақтаудың (сауабы)», - делінген. Туыстық байланыс туыстарға насихат айту, ағайынды жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю арқылы да бекиді. Мұсылман баласы туыстарының тура жолда болғанын қалап, олардың шалыс кеткен жері болса түзеп, түзу жолды ескертіп отырады. Алайда насихатты ойланып, сүзгіден өткізіп, туысының көңіліне қаяу түсірмейтіндей дәрежеде айтқаны жөн. Әйтпесе жақсы ниетпен айтылған насихат, дұрыс айтылмағандықтан, керісінше туыстық қатынастың бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін» дейді Думан Нәдірұлы.

Қарап отырсақ, аталмыш туысқандық әдептер бүгінде қазақ дәстүрімен қатар өмір сүріп келеді. Қандай да бір татулығы жарасқан туысқан көрсеңіз, жоғары айтылған әдептер олардың қарым-қатынасында бар деп білгейсіз. Осы мақаланы жазу барысында бала кезімдегі бір жағдай есіме түсті. 2005 жылы өкем үлкен үй салып, қоныс тойы мен өзінің мерейтойын - қатар өткізді. Өкемнің ердің жасы елуге толған торқалы тойы, қуанышты сәтінде туған ағасының келмеуі көңілін қалдырды. Мінезі қаталдау өкемнің көзіне жас алғанын алғаш рет сол күні көрдім. Көкемізге, яғни ағасына қатты өкпелепті. Келесі күні оған қоңырау шалып, ренішін білдірді. Тұтқаны қалай қойды, сол сәттен бастап бір қалада тұрсақ та, көкемізді де, оның үй-ішін де көрмей кеттік. Өкем ағасын ардақ тұтып, соның үйіне аптасына бір бармаса жаны жай таппайтын еді. Қасына үнемі мені ертетін. Сол күннен бастап екі шаңырақта қаншама той болып, өмірге іні-қарындастарымыз келіп жатты. Әйтсе де араздасқан екі ағайынның арасы алшақтап, туыстық байланыс үзіліп қалды.

Кейін мектеп бітіріп, Алматыға оқуға кеттім. Бірде мешітте туыстық қарым-қатынас жайлы жұма уағызы айтылды. Өкемнің жүрегіндегі «жара»

мені де мазалап, сол сәтте емі табылғандай болды. Мінберге шыққан имам ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың - салауаты мен сәлемі болсын) Фатима анамыздан тараған ұрпағы Хасан мен Хұсейннің (оларға Алла разы болсын) оқиғасын айтып берді. Ардақты қос сахаба Хасан мен Хұсейн бірде ренжісіп, бірнеше уақыт бірін-бірі көрмей кетеді. Хасан үлкендігін алға тартып, інісі кешірім сұрап келер деп күтеді. Бірақ Хұсейннің келе қояр түрі жоқ. Мұндайға басқа басқа емес, Пайғамбардың ұрпағы бей-жай қарамайтыны белгілі. Ренішті ысырып қойып, ағасы інісін іздеп үйіне барады. Хасанның келетінін білген Хұсейн де жадырап бауырын күтіп алады. Екеуі қол алысып, кешірім сұрасады. Татуласқаннан кейін біраз шүйіркелеседі. Өңгіме арасында Хасан үлкендігі тағы есіне түсіп, Хұсейнге кіші болып тұрып неге кешірім сұрауға келмегенін сұрайды. Сонда інісі: «Асыл ағатайым менің. Пендені кешіргенді Алла Тағала кешіреді емес пе? Мен сіздің бірінші болып Алла Тағаланың кешіріміне ие болуыңызды, менен бұрын жәннат иелерінен болуыңызды қалап, бірінші болып кешірім сұрауыңызды өтініп едім» дегенде Хасанның жүрегі елжіреп, көзіне жас келіп, інісі Хұсейнге: «Мен өзімнің нәпсіммен ойлап тұрсам, сен қияметтің бақытын ойлап тұр екенсің. Кешір мені, інішегім» деп інісін құшақтап, кешірім сұраған екен.

Осы насихат маған қатты әсер етті. Қыстығүні ауылға барғанымда өкеме осы оқиғаны айтып бердім. «Ағаңыз келмесе де, сіз барыңыз. Хасан мен Хұсейн секілді жас шамаларыңыз жақын да емес, татулассаңыз», - деп өтініп кеткенмін. Анамның айтуынша, осы өңгімеден кейін өкем ойланып қалыпты. Имамның уағызы маған қалай әсер етсе, менің жеткізуім де өкеме «өткен» секілді. Оны кейін білдім. Наурыз айының 14-інде біздің ауылда «көрісу» салты бар. Самарқанның тасы еритін уақытта өкем мен анам дәл сол күні он бір - жас үлкен ағасының шаңырағына көрісіп барыпты. Жеті жыл бұрынғы ренішті толықтай ұмытып, кешірім сұрасыпты. Сол жылы жазда үйіміздегі жалғыз гүліміз тұрмысқа шығып, ұзатуында көкеміз батасын беріп, төрде отырды. Ал араға тағы бір жыл салып ол кісі 68 жасында бақиға аттанды. Ол кісі қайтыс болды дегенді естігенде есеңгіреп қалғаным рас. Бірақ өкем екеуінің татуласқаны есіме түсіп, ішімнен: «Аға мен іні табысып үлгерген екен-ау, шүкір!» - дедім. Бабалаларымыз «Мал қонысын іздейді, ер туысын іздейді» деген екен. Туыстың қадірі есейген сайын білініп, бағасы арта түсердей. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) да, аталбалаларымыз да ағайынтуыспен тату болуды өсиет етті. Ал сіздің туысқанмен байланысыңыз жақсы ма?!

Берік АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
аудандық «Жанқұтты би» мешітінің имамы.

Ұлттық спорт

АСЫҚ ОЙНАЙ БІЛЕСІЗ БЕ?

Асық - ежелгі түріктердің арасында кеңінен тараған ойын түрі. Тарихы тереңге бойлаған ойынды «талус» деген атпен ежелгі Римде, «астралаг» деп атап бұрынғы Грекияда да ойнаған. Олардың салт-дәстүрлерінің құрамдас бөлшегі ретінде насихатталған да. Біз асықты ұлттық ойынымыз деп есептейміз. Алайда, асықты Орта Азия халықтары, оның ішінде өзбек, қырғыз, тәжік т.б. ұлттарда әлі күнге дейін ойнайды екен. Олар мен біздің ойнау тәсілімізде анау айтарлықтай айырмашылық аңғарылмағанымен, әр халықтың табиғи болмысына сай кейбір ерекшеліктер кездеседі.

Негізінде, асық ойыны бұрыннан келе жатқан балалардың спорттық ойыны. Оның түрлері көп.



Кеңінен таралғаны - «шыр» (кей жерлерде «шұр»), «алшы», «әйзік», т.б. Сонымен қатар, ережелері сан алуан «атпақыл», «шығу», «қора», «таған», «шенбер», «қақпақыл» ойындары да бар. Асық ойындарында басты рөлде «сақа». Ол жақсы болса басқаны оңай ұтасын. Көбірек тәйке түсу үшін «сақаның» алшы жағына қорғасын құйып алуға болады. Асықтарды қынамен, сиямен, тағы басқа да бояулармен бояйды. Белгілі сатирик, әрі ғалым этнограф Сейіт Кенжеахметұлы асық ойындарын екі түрге бөледі. «Далада және үй ішінде ойнайтын деп «Дала ойындарына атып ойнайтын, мысалы, «шыр», «бес табан», «арқаласпақ», ал үй ішіндегі ойындарға «қақпақыл», «бес асық» («бес тас»), «хан талапай» жатады. Ойынның соңғы түріне кешке қарай үлкендердің өзі де араласып кететін...», - дейді. Расында, аға буында асық ойнамай өскен ешкім жоқ шығар.

Бүгінгі балалар асық ойындарына қызықпайды. Оларға оны үйретуді нақтылап қолға алған бірдебір адам жоқ. Тек біренсаран сайыстар әр жерде өткені болмаса. Біздің ұлттық ойынымыз болғандықтан бұған да жана-шырлықпен қарағанымыз абзал. Заманға лайықтап компьютерлік нұсқасын неге ойлап таппаймыз

дейді кейбіреулер. Әйтсе де асықты қолда үйіргенге не жетсін! Онан да дүкендерге неге шығармаймыз? Шетелдің жын-шайтанға ұқсайтын небір ойыншықтарын алғанша балаңызға асық сатып әперсеңіз қандай жарасымды. Мәнсіз мағынасыз ойындардан гөрі, той-томалақтарда да асық ойындарынан жарыстар өткізуге болады емес пе?! Қазір асық жинайтын ауыл баласы аз. Тіпті, асық ойнау ұмытылып бара жатқандай. Компьютердің заманы туды десек те, асықта да ұлттық болмысымыздың бір көрінісі бар екенін есте ұстаған жөн-ау. Асықтың өсіресе, бала тәрбиесіне ықпалы зор. Баланы ептілікке, сергектікке, дәлдікке және мергендікке үйретеді, ой-ойлау қабілетін де арттырады.

Біз асықтың серісін - «Алтын сақа» дейтін болсақ, түріктер де осылай қастерлейді. Олар асыққа тек ойын ретінде ғана қарамай, жолының ашық болып, ілгері даму алдындағы жетістіктің нышаны іспеттес санап, құрмет тұтқан.

Тарихи деректерден асық арқылы талай даудамайдың шешіліп, сонына нүкте қойылғанын да білеміз. Мұндай оқиғалар көбінесе халық ертегілерінде жиі ұшырасады. Мәселен, ертедегі көшпелілердің өзі асық арқылы жаугершілік заманда кімнің жеңіп немесе кімнің жеңілетіні туралы біліп отырған. Сонымен қатар асықтың атауларын айта кеткенді жөн көріп отырмыз.

Алшы - асықтың тәйкеге қарама-қарсы жағы яғни алшы тұруы. Тәйке - асықтың алшыға қарама-қарсы жағы. Бүге - асықтың дөңес жағының жоғары қарап түсуі. Шіге - асықтың қуыс жағының жоғары қарап түсуі. Омпы - асықтың ашасы немесе мұртша жағы жоғары қарап түсуі немесе тік тұрып қалуы.

Шонқай - асықтың омппаға қарсы жағымен тік түсуі.

Мирас ҚҰЛСАРИН,
Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының денешынықтыру пәнінің мұғалімі.



Қоғамдық тыңдаулар

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Jinze Vision Capital WQ Ltd» ЖК «блоктар аумағындағы қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары: L-43-4-(10e-5b-1), L-43-4-(10e-5b-2), L-43-4-(10e-5b-3), L-43-4-(10v-5g-1), L-43-4-(10v-5g-2), L-43-4-(10v-5g-15), L-43-4-(10v-5g-16), L-43-4-(10v-5g-17), L-43-4-(10v-5g-18), L-43-4-(10v-5g-19), L-43-4-(10v-5g-20), L-43-4-(10v-5g-21), L-43-4-(10v-5g-22), L-43-4-(10v-5g-23), L-43-4-(10v-5g-24), L-43-4-(10v-5g-25), L-43-4-(10v-5v-4), L-43-4-(10v-5v-5), L-43-4-(10v-5v-8), L-43-4-(10v-5v-9), L-43-4-(10v-5v-10), L-43-4-(10v-5v-13), L-43-4-(10v-5v-14), L-43-4-(10v-5v-15), L-43-4-(10v-5v-18), L-43-4-(10v-5v-19), L-43-4-(10v-5v-20), L-43-4-(10v-5v-24), L-43-4-(10v-5v-25) Қарағанды облысында» әсер етуге рұқсат алу үшін қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар орны мен уақыты: **02.10.2026ж. сағат 16.00-де.** Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал кенті, Абай көшесі, 3А, Мәдениет үйі.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/launch/jc/81421391815> Конференция идентификаторы: 814 2139 1815, Кіру коды: 5FhKvY

Әсер ету аумағы - Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал кенті. Учаскенің координаттары:

бойлық			ендік		
Градус	Минут	Секунд	Градус	Минут	Секунд
73	55	00	47	49	00
73	55	00	47	50	00
73	53	00	47	50	00
73	53	00	47	51	00
73	52	00	47	51	00
73	52	00	47	54	00
73	53	00	47	54	00
73	53	00	47	55	00
73	57	00	47	55	00
73	57	00	47	54	00
73	55	00	47	54	00
73	55	00	47	52	00
73	59	00	47	52	00
73	59	00	47	53	00
74	00	00	47	53	00
74	00	00	47	50	00
73	58	00	47	50	00
73	58	00	47	49	00
Аумағы - 66,82 км2					

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Бастамашы: «Jinze Vision Capital WQ Ltd» ЖК; БСН 250740900578 Астана к., Сауран көшесі, 10В үй, пәтер 76; 8/71431/3-17-00; wanq992@gmail.com

Әзірлеуші: «ZEBO» ЖК, Астана к., Петров көшесі, 32/2, қосымша ақпарат алу үшін тел.+7 777 474 22 28, e-mail: lilya1031@mail.ru

Қоғамдық тыңдау материалдарымен келесі сайттарда танысуға болады ақпараттық жүйе Қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі <https://ndbecology.gov.kz/>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat>

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 8 (777) 474 22 28 тел. бойынша сұратуға болады, lilya1031@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды “Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” ММ қабылдайды, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 100008, Қарағанды к., Лобода к-сі, 20, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Көңілден шыққан керікті ой

ТЕКТІЛІК ТЕ ТІЛДЕН

Қазақ халқы жаратылысынан текті, намысқой, жаны таза, тілге шебер ел болғаны ақиқат. Оған өткен тарихымыз, хандарымыз бен батырларымыздың, би-шендеріміздің қалдыр-ған істері мен әділ де тапқыр, жақсылық пен жамандықтың арасын ақ пен қарадай ашып айтқан асыл сөздері куә.

Осы сөздер арқылы қасиетті аталарымыз, ақ жаулықты аналарымыз көрегенділіктің, мәрттіктің, тәлім - тәрбиенің небір жақсы жол-жобасын, жөн-жосығын айқындап кетті.

Мұны олар жазу - сызусыз-ақ ұтымды ой, өткір сөз, өтімді тіл арқылы құлаққа құйып, қанға сініріп, көңілге тоқытып жасай білуі де халқымыздың өзіндік бір ғажап бол-

мысы әрі ерекшелігі екенін еріксіз мойындайсын. Қазіргілердің кейінгі ұрпаққа не жасап қалдырғанын тарих өзі таразылай жатар.

Бұрынғы аталарымыз ел мен жер, қазына, ұлағатты тәрбие, салт-дәстүр қалдырып кетті. Сондай ұлылықтардың бірі - адалдық пен адамдық және соған лайық сөздер.

Қазақ “текті”, “жақсы” деген бір ауыз сөз арқылы адамды өсіріп, “тексіз”, “жаман” деген бір ауыз сөз арқылы өшіріп отырған.

“Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын!” деп ажар, беделіне қарамай, жер-жебіріне жеткізе, ақ алмастай кесіп айтқан және айта алған ғой.

Өнер алды - қызыл тіл (шешендік өнердің 7 қағидасы).

1. Дүниеде тыңдаушыларының өзі жақсы білетіндерін өздеріне тәптіштеп айтып жатудан жаман нәрсе жоқ. Сенің өзгеге айтқаның кісіге білім беретіндей, оның жүрегін қозғайтындай нәрлі болу керек. Нәрсіз, дәмсіз сөзді сөйлемеген жақсы.

2. Өз сөзін қадірлейтін кісі тыңдаушысын да қадірлейді. Тыңдаушыларды қадір тұта сөйлеген адамның сөзі тартымды болады.

3. Сөйлегенде әрбір сөзің анық, дәл, айқын естілетін болсын. Дауысын булығып шығып, бір сыдырғы әуенмен, жігерсіз, баяу сөйлейтін болсаң, айтқаның қанша қызықты

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ЧК «Jinze Vision Capital WQ Ltd» уведомляет о проведении общественных слушаний для получения разрешения на воздействие по проекту: «ПЛАН разведки твердых полезных ископаемых на территории блоков: L-43-4-(10e-5b-1), L-43-4-(10e-5b-2), L-43-4-(10e-5b-3), L-43-4-(10v-5g-1), L-43-4-(10v-5g-2), L-43-4-(10v-5g-15), L-43-4-(10v-5g-16), L-43-4-(10v-5g-17), L-43-4-(10v-5g-18), L-43-4-(10v-5g-19), L-43-4-(10v-5g-20), L-43-4-(10v-5g-21), L-43-4-(10v-5g-22), L-43-4-(10v-5g-23), L-43-4-(10v-5g-24), L-43-4-(10v-5g-25), L-43-4-(10v-5v-4), L-43-4-(10v-5v-5), L-43-4-(10v-5v-8), L-43-4-(10v-5v-9), L-43-4-(10v-5v-10), L-43-4-(10v-5v-13), L-43-4-(10v-5v-14), L-43-4-(10v-5v-15), L-43-4-(10v-5v-18), L-43-4-(10v-5v-19), L-43-4-(10v-5v-20), L-43-4-(10v-5v-24), L-43-4-(10v-5v-25) в Карагандинской области».

Место и время проведения слушаний:

02.10.2026 г. в 16.00ч. Карагандинская область, Шетский район, п.Ақжал, ул.Абая, 3а, Дом культуры.

Ссылка на подключение онлайн: <https://us05web.zoom.us/launch/jc/81421391815> Идентификатор конференции: 814 2139 1815 Код доступа: 5FhKvY.

Территория воздействия - Карагандинская область, Шетский район, п.Ақжал. Координаты участка:

долгота			широта		
Градус	Минут	Секунд	Градус	Минут	Секунд
73	55	00	47	49	00
73	55	00	47	50	00
73	53	00	47	50	00
73	53	00	47	51	00
73	52	00	47	51	00
73	52	00	47	54	00
73	53	00	47	54	00
73	53	00	47	55	00
73	57	00	47	55	00
73	57	00	47	54	00
73	55	00	47	54	00
73	55	00	47	52	00
73	59	00	47	52	00
73	59	00	47	53	00
74	00	00	47	53	00
74	00	00	47	50	00
73	58	00	47	50	00
73	58	00	47	49	00
Площадь - 66,82 км2					

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Инициатор: ЧК «Jinze Vision Capital WQ Ltd» БИН 250740900578 г.Астана, район Есиль, ул. Сауран, д. 10В, кв. 76; wanq992@gmail.com

Разработчик: ИП «ZEBO», г. Астана, ул. Петрова, 32/2, тел. для доп. информации +7 777 474 22 28, e-mail: lilya1031@mail.ru

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайтах: информационная система Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz/>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat>. Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел. 8 (777) 474 22 28, lilya1031@mail.ru. Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресу: Республика Казахстан, 100008, г.Караганда, ул.Лободы, 20, expertiza.upr_krg@mail.ru.

болғанымен, тыңдаушыларды тез жалықтырады, олардың көңілі басқаға ауып кетеді. Сөйлеушінің дауысы құбылмалы, әрі жайдары болуға тиіс. Құр айғайлап кетудің де керегі жоқ. Сенің дауысыңнан әрқашан байсалдылық, сенім, табандылық сезілетін болсын.

Сөзің тартымды болсын десен, оған аздап болса да бет-әлпет, қолдың қимылын қатыстыр. Бірақ, жөн-жосықсыз қолыңды онды-солды сермей беру жарас-

пайды. Мұндай жеңілтектік тыңдаушыларды алаңдатып, көңілін басқа нәрсеге аударуға себепкер болады. Ең керегі - байсалдылық, тағы да байсалдылық.

Тыңдаушыларға көз қырын салмай, екі көзің қағаздан алмай сөйлейтін кісіні жұрт онша ұнатпайды, біреу жазып берген сөзді оқып, өзгелерді алдап тұрғандай көрінеді.

6. Айтайын деген ойыңды әбден ығыр болған, үйреншікті сөздерден бастама. Онда сөзің тартымды

болмайды, өзгелер ықыласпен тыңдамайды. Ойыңды өз сөзіңмен, әдеби тілге тән сөздермен, әсерлі, қызықты етіп жеткізуге тырыс. Сөз арасында мақал-мәтелді, кейбір өлең жолдарын, нақыл сөздер мен қанатты сөздерді келтіріп отырсаң, теріс болмайды.

7. Айтқан сөзің қысқа, әрі тұжырымды болсын. Аз сөзбен көп нәрсе айтуға тырыс. “Көп сөз - көмір, аз сөз - алтын” екенін ешқашан есіңнен шығарма.

ХАБАРЛАНДЫРУ

12 наурыз 2025 жылы қайтыс болған Аманбек Оралхан Аманбекұлының атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұханаоваға хабарласуға болады.

Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17. үй тел. 8 701 751 16 86.

Спорт

ӘЛЕМНІҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕСІН ЖЕҢІП АЛДЫ



Эквадордың Гуаякиль қаласында жасөспірімдер арасында дзюдодан өткен Әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы сапында өнер көрсеткен Ақадыр балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің шәкірті Еркен Бекәлі ел намысын

абыроймен қорғады.

73 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде белдескен жас спортшы тартысты бәсекеде шеберлігі мен қайсарлығын танытып, әлем чемпионатының қола жүлдесін иеленді.

Еркеннің жеңісі мұнымен шектелген жоқ. Командалық

жарыста да Қазақстан құрамасының сапында өнер көрсетіп, алтын медальға қол жеткізіп, командалық есепте әлем чемпионы атанды.

Алынған асу жас дзюдошының тынымсыз еңбегі мен табандылығының жемісі. Еркеннің спорттағы жетістігіне оның жаттықтырушысы Ерсайын Омаровтың еңбегі зор. Ұстаз бен шәкірттің жүйелі дайындығы мен мақсатқа деген ұмтылысы осындай биік нәтижеге жеткізді.

Еркен Бекәлінің жеңісі Ақадырдың ғана емес, ауданымыздың, облысымыздың, еліміздің абыройын асқақтатқан айтулы жетістік. Оның табандылығы мен жеңіске деген жігері жас спортшыларға үлгі болары сөзсіз.

Ел намысын халықаралық аренада абыроймен қорғаған Еркен Бекәлі мен жаттықтырушысы Ерсайын Омаровты айтулы жетістіктерімен құттықтаймыз. Алда алар асуы, бағындырар биігі көп болсын.

Қалижан БЕКҚОЖА,
Ақадыр кенті.

АРДАГЕРЛЕР САЙЫСҚА ТҮСТІ

Жақында ауданымыздың ардагерлері Қарағанды қаласында өткен ұлттық спорт түрлерінен сайысқа қатысып, өздерінің спорттық шеберліктері мен белсенділіктерін көрсетті. Аталған шара ардагерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттап, олардың қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталды. Осы шараға ауданымыздың ардагерлері барып қатысып қайтты. Спорттық шараға облыстан 12 команда ардагер спортшылар қатысып, өзара бақ сынасты.

Шет ауданының команда-сын ұйымдастырып, жарысқа

«Спорт - денсаулық кепілі» демекші, аудан намысын қорғауға бел буған спорт сүйер ардагер ағаларымызға алғысымыз шексіз. Жарыста спорттың көптеген түрлерінен бақ сынасты. Атап айтсақ, асық ату, садақ ату, тоғызқұмалақ, қол күрес ойындарынан өткізілді.

Жасы сексенге келсе де, спорттан қол үзбеген үздік спортшымыз Есмағанбетов Марат ағамыз асық атудан алдына жан салмай, өзге спортшылардың озық көрініп, жоғары ұпаймен жүлделі бірінші орынды иеленіп, жеңіс тұғырына көтеріліп, сый сияпатқа ие болды. Жарысқа

көрігін қыздыра түсті. Алдағы уақытта осы азаматтардан үлкен үміт күтеміз. Ауданымыздың намысын қорғап, өздерінің спортқа деген сүйіспеншіліктері мен күштарлықтарын көрсете білген ардагер ағаларымыздың жарысқа қатысып қайтқандарының өзі біз үшін үлкен мәртебе.

Өскекен ұрпаққа өз шеберліктері мен табандылықтарын көрсете білген, спорт түрлерін дәріптеуге атсалысқан, нағыз спорттың жанашыры бола білген ағаларымыздың дендері-не саулық, отбастарына амандық тілейміз.



қатысуларына түрткі болған азаматтар аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қызылов Өмірғали Ахмедияұлы, Ақсу-Аюлы ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде өзін және аудандық спорт бөлімінің басшысы Ныкыш Дидар Аманжолұлының еңбектері зор.

қатысушы он екі команда спортшыларының ішінен оза шыққан ардагер спортшы ағамызға алғысымыз шексіз.

Сонымен қатар, жарысқа қатысқан ардагерлеріміз Асылбек Жұмагелді садақ ату бойынша, Әлішев Канат тоғызқұмалақтан, Ақтаев Бекзаттар қол күрестен өз шеберліктерін көрсетіп, жарыс

Ауданымыздың спортшы ардагерлері ұлтымыздың ұлттық спорт ойындарын әрі қарай дамытып, болашақ ұрпаққа тәрбие беретініне сеніміміз мол.

Қарғажан ЖУАСБАЕВ,
Ақсу-Аюлы ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Аудандық музейде

ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІНЕ ҚЫЗЫҚТЫ САЯХАТ

Музейдегі тағылымды кездесу бұлдіршіндерге ұлттық ертегілердің тәрбиелік мәнін танытты. Баланың қиялын ұштап, дүниетанымын кеңейтуде ертегінің орны ерекше. Ертегі - ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан халықтың рухани мұрасы, ұлттық тәрбиенің маңызды құралы. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде ғасырлар бойы сақталған ертегілер арқылы жас ұрпаққа жақсылық пен жамандықтың, адалдық пен арамдықтың, достық пен татулықтың ара-жігі түсіндіріліп отырған.

Осы мақсатта Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейінде бұлдіршіндерге

тып, алғашқы дүниетанымы қалыптасатын маңызды уақыт. Ал ертегі баланың ойлау қабілетін дамытып, қиялын қанаттандырып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар ұлттық ертегілер арқылы бұлдіршіндер халқымыздың салт-дәстүрі мен дүниетанымынан хабардар болады.

Музей - тек тарихи жәдігерлер сақталатын орын ғана емес, өскекен ұрпаққа ұлттық құндылықтарды насихаттайтын тағылым ордасы. Сондықтан музей қызметкерлері балалардың жас ерекшеліктеріне арналған түрлі мәдени-білім беру бағдарламаларын ұйымдастырып, олардың тарихқа, әдебиетке, өнерге және ұлттық мұраға деген қызығу-



арналған мазмұнды мәдени-танымдық кездесу ұйымдастырылды. Музейдің төріне «Балдырған» балабақшасының кішкентай тәрбиеленушілері арнайы қонақ болып келіп, қазақ ертегілерінің ғажайып әлеміне саяхат жасады.

Балалар үшін музейдегі бұл күн ерекше әсерлі әрі қызықты өтті. Кішкентай көрермендер қазақ ертегілерінен таныс кейіпкерлермен жүздесіп, олардың бастан кешкен оқиғаларына куә болды. Ертегі қойылымдары барысында балалар кейіпкерлердің іс-әрекеттерін қызығушылықпен бақылап, оқиғаның мазмұнына белсене араласты. Қойылымдар бұлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылып, олардың көңілінен шықты.

Ертегі кейіпкерлерінің бойынан балалар батылдық, достық, мейірімділік, қамқорлық, еңбекқорлық және адалдық секілді адамгершілік қасиеттерді көрді. Қойылымдар арқылы кішкентай көрермендер әрбір жақсы істің қайтарымы болатынын, достықты қадірлеу, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу қажеттігін түсінді.

Музей қызметкерлері үшін де бұлдіршіндердің қуанышты жүзін көру - үлкен қуаныш. Балалардың шат күлкісі мен ерекше қызығушылығы музей ішіне ерекше жылылық сыйлады. Олар ертегі кейіпкерлерін тамашалап қана қоймай, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, алған әсерлерімен бөлісті.

Мұндай кездесулердің тәрбиелік мәні зор. Өйткені мектепке дейінгі кезең - баланың қоршаған ортаны танып, жақсы мен жаманды ажыра-

шылығын арттыруға баса назар аударады.

«Балдырған» балабақшасы бұлдіршіндерінің музейге келуі де осы бағыттағы жұмыстардың бір көрінісі болды. Балалар үшін музей қабырғасында ұйымдастырылған ертегі қойылымы жай ғана көңіл көтеру емес, ұлттық рухани мұрамен танысудың, жақсы қасиеттерді бойға сіңірудің ерекше мүмкіндігіне айналды.

Кездесу соңында бұлдіршіндер ертегі кейіпкерлерімен бірге естелік суреттерге түсіп, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты. Балалардың жүзіндегі қуаныш олардың музейдегі саяхаттан ерекше әсер алғанын аңғартты.

Осындай тағылымды шаралар арқылы музей мен балабақша арасындағы мәдени-танымдық байланыс нығайып, жас ұрпақтың ұлттық мұраға деген сүйіспеншілігі қалыптасады. Бүгінгі кішкентай көрермен - ертеңгі ел азаматы. Сондықтан олардың бойына жастайынан ұлттық құндылықтарды сіңіру, туған халқының мәдениеті мен әдебиетін құрметтеуге тәрбиелеу - баршамызға ортақ міндет.

Ертегі - балалық шақтың ең әдемі естеліктерінің бірі. Ал сол ертегілер арқылы бала жүрегіне мейірім, ізгілік пен адамгершілік дөнін себу - ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды қадам. Музейдегі бұл кездесу де кішкентай бұлдіршіндердің жүрегінде жарқын естелік болып қалары сөзсіз.

Бархыт БАЯМАНОВА,
музей қызметкері.